

NASEC

НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫШ АРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ



Ы. ЖАҚАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
КҮРІШ АРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМИ
ИСТИТУТЫ



ҚЫЗЫЛОРДА БІЛІМ ТАРАТУ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЗНАНИЙ

ЖҮРГІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

тақырыбы: «Күріш ауыспалы егісінде су үнемдеу технологияларын
енгізу: «Ақтөбе» ЖШС тәжірибесі»
«Су үнемдеу технологиялары» бағыты бойынша

Өткізу күні: «11» қараша 2025 жыл

Кеңес беру өткізілген орын: Қызылорда қаласы, Қармақшы ауданы,
Ақтөбе ауылдық округі, «Ақтөбе» ЖШС

Эксперт:

(қолы)

Өмірзақов С.Ы.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ-ның
Басқарма Төрағасы



Тәуіпбаев С.Т.

КОНСУЛЬТАЦИЯ БАЯНДАМАСЫ
Қармақшы ауданы, Ақтөбе ауылы Нұрлан Іздібаев басқаратын «Ақтөбе»
ЖШС мамандарымен кездесу жөніндегі есеп

1) Кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері

Кездесу барысында шаруашылық басшылығы мен мамандарын төмендегі негізгі мәселелер толғандырды:

- Жаңа жерлерді ауылшаруашылық айналымына қосудың тәуекелдері және оларды тиімді игеру жолдары;
- Жоғары тұзданған, бұрын көп жыл табиғи шым күйінде болған жерлерді пайдалану әдістері;
- Су тапшылығы жағдайында су үнемдеу технологияларын жетілдіру, су жеткізу шығындарын қысқарту;
- Күріш ауыспалы егісінде топырақ құнарлығын сақтау және арттыру тетіктері;
- «Плужная подошва» қабатының пайда болуы, оның топырақтың ауа-су-тұз режиміне әсері;
- Өнімділікті көтеру мақсатында тиімді сорттарды таңдау және суға бастыру режимін оңтайландыру.

2) Қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары

Мамандар тарапынан аталған сұрақтар бойынша төмендегідей түсіндірме-кеңестер берілді:

- Жаңа жерлерді игеру барысында олардың күріш ауыспалы егістіктерінің шеткі аймағында орналасуына байланысты тұздылығы жоғары екені ескеріліп, бұл алқаптарды бастапқы кезеңде күріш дақылымен игеру орынды екені айтылды;
- Көп жылдар бойы табиғи шымға айналған топырақтарды 30–35 см тереңдікке дейін бірнеше қайтара жырту, қайта-қайта тегістеу арқылы ғана толыққанды айналымға енгізуге болатыны түсіндірілді;
- Биылғы қыстың жылы болуын пайдаланып, сүдігер жырту мен тегістеу жұмыстарын жүргізу агротехникалық тұрғыдан тиімді екені атап өтілді;
- Топырақты өңдеу кезінде «плужная подошва» қабатының қалыптасу себептері және оның су-ауа алмасуына кері әсері түсіндіріліп, бұл қабатты 3-4 жылда бір рет міндетті түрде өңдеп отыру қажеттілігі жөнінде кеңес берілді;
- Шаруашылықта атыздарды тегістеу жұмыстарының жоғары деңгейде жүргізіліп жатқаны және механизаторлардың бұл операцияларға жақсы машықтанғаны оң бағаланды;
- Су үнемдеу мақсатында вегетациялық кезеңі 110 күнге дейінгі күріш сорттарын, соның ішінде аймақтың топырақ-климаттық жағдайына бейімделген «Сыр сұлуы» сортын егу ұсынылды, суға бастыру графигі нақты түсіндірілді;

Сынақ алаңдарында оң нәтиже көрсеткен «Water Renaunt» препаратын қолдану және оны бірлескен тәжірибе ретінде енгізу ұсынылды.

3) Ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже

«Кездесу қорытындысы бойынша мынадай нақты шешімдер қабылданды:

- Жаңа ашылған және тұзданған жерлерді кезең-кезеңімен күріш дақылы арқылы игеру;

- Топырақты 30–35 см тереңдікте бірнеше мәрте жырту және «Іздібаев» технологиясы бойынша тегістеу жұмыстарын жалғастыру;
- «Плужная подошва» қабатын жою бойынша жоспарлы агротехникалық шараларды 3-4 жыл сайын енгізу;
- Су үнемдеу бағытында қысқа вегетациялық кезеңді күріш сорттарына көшу және су жеткізу арналарындағы шығындарды азайту;
- «Сыр сұлуы» күріш сортын негізгі егіске енгізу және суға бастырудың ұсынылған графигін сақтау;
- «Water Renaunt» препараты бойынша тәжірибелік жұмыстарды бірлесіп жүргізу;
- Топырақ құнарлығын сақтау, жерді пайдалану коэффициентін арттыру және өнімділікті тұрақты көтеру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру.

Қорытынды:

«Ақтөбе» ЖШС-і су үнемдеу, жер ресурстарын тиімді пайдалану және заманауи агротехнологияларды енгізу бағытында облыс көлемінде экономикасы тұрақты, тәжірибесі үлгі боларлық көп салалы шаруашылық ретінде бағаланды.

4) Фотосуреттер

